Загрязнение почвы, подземных вод и водоемов происходит из-за проливов нефтепродуктов из резервуаров и трубопроводов при хранении и транспортировании, а также во время заправки техники. Атмосфера загрязняется парами нефтепродуктов, улетучивающимися из резервуаров ("большие и малые дыхания") при хранении и многочисленных операциях слива - налива.

В решении проблемы ослабления развивающегося экологического кризиса и его последствий ведущее место занимает поиск возобновляемых источников энергии: растительные и животные масла лишены перечисленных выше недостатков. Они обладают 100%-ной биоразлагаемостью, нетоксичны и не образуют ксенобиотиков. Растительные масла более перспективны, чем широко пропагандируемые кислородсодержащие продукты типа спиртов или простых эфиров, производство которых связано не только с повышенными затратами энергии, но и с существенными выбросами в атмосферу диоксида углерода. Использование возобновляемого сырья будет также способствовать созданию в биосфере замкнутого кругооборота диоксида углерода.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Уразгалиев Т. К., Рыбаков К. В., Карпекина Т. П. Обеспечение качества нефтепродуктов на нефтебазах и нефтескладах: Учебное пособие / Т. К. Уразгалиев, К. В. Рыбаков, Т. П. Карпекина — Уральск: ОАО «ИПК «Дастан», 2003. — 154 с.
- 2 Кламанн Д. Смазки и родственные продукты / Д. Кламанн; пер. с англ. — М.: Химия, 1988. — 486 с.
- 3 Уразгалиев Т. К. Восстановление работоспособности отработанных моторных масел путем очистки от загрязнений / Т. К. Уразгалиев; сборник трудов. — М.: Информагротех, 1991.
- 4 Уразгалиев Т. К. Обводненность и загрязненность нефтепродуктов на нефтебазах Республики Казахстан: Дис... канд. техн. наук: /Т.К Уразгалиев.-М.: Изд-во МГАУ, 2000. — 34 с.

ТҮЙІН

Бұл мақалада мұнай өнімдерін сақтауда түзілетін және ауылшаруашылық жұмыстар жүргізгенде шығарылатын қоқыстардың көлемі мен улылығына әсер ететін факторларды талдау негізінде табиғатқа зиян келтіретін экологиялық шығынды азайту жолдары анықталған.

RESUME

In this article, on the bases of the analysis of factors affecting the quantity and toxicity of the emissions resulting from the storage of petroleum products and the conduct of agricultural operations, the ways of reducing the environmental damage caused by nature were planned.

УДК 141.143

М. Р. Аманбаева, кандидат философских наук, доцент
Западно-Казахстанского государственного университета имени М. Утемисова, г.Уральск

АРТУР ШОПЕНГАУЭР: О ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ И СМЫСЛЕ ЖИЗНИ

Аннотация

Артур Шопенгауэр – создатель оригинальной метафизики воли, является выразителем новых форм неклассического философствования, в которых предметом анализа становятся жизнь отдельного человека, человеческая судьба, одиночество. В данной статье рассматриваются идеи Артура Шопенгауэра относительно человеческой жизни и смысла жизни.

Ключевые слова: *Жизнь, опыт жизни, понимание жизни.*

«Для счастья человеческой жизни - самым существенным является то, что имеет человек в самом себе».
А. Шопенгауэр

Согласно Шопенгауэру, события нашей жизни похожи на картины в калейдоскопе, где при каждом обороте мы видим нечто новое; на самом же деле – это все одно и то же.

Поэтому мир, в котором живет человек, зависит, прежде всего, от того, как его данный человек понимает. Это понимание обусловлено единством объективной и субъективной сторон восприятия. Он считал, что объективная половина действительности находится в руках судьбы, и потому изменчива. Субъективное данное – это мы сами, что в главных чертах неизменно. А. Шопенгауэр констатировал, что "жизнь каждого носит, несмотря на внешние перемены, с начала до конца один и тот же характер; ее можно сравнить с рядом вариаций на одну и ту же тему". Следовательно, наше счастье зависит от нашей индивидуальности и от того, что мы сами представляем.

В этом и есть определение судьбы, как того, что мы имеем и того, что мы собою представляем. Путеводной звездой нашей деятельности должны быть не однообразные фантазии, а ясно усвоенные понятия. Надо всегда господствовать над впечатлениями настоящего и вообще всего реально существующего. Как следует из прочтения работ Шопенгауэра, он демонстрирует вполне рационалистический взгляд на выявление целей и обстоятельств присутствия человека в мире.

Трудно не согласиться с Шопенгауэром в том, что уделом высшего духа является убеждение, согласно которому "самым ценным и существенным должна быть для каждого его личность. Чем полнее это достигнуто, а, следовательно – чем больше источников наслаждения откроет в себе человек, – тем счастливее будет он". К сожалению, понимание этого – удел не всех, а гениев. Шопенгауэр считает, что только гений избирает абсолютной темой своего бытия жизнь и сущность предметов и глубокое их понимание стремится выразить, в зависимости от индивидуальных свойств, в искусстве, поэзии или философии. Только для такого человека занятие собою, своими мыслями и творениями насущно необходимо, одиночество приятно, досуг – является высшим благом, – все же остальное – не нужно, а если оно есть, то нередко становится в тягость. Лишь про такого человека можно сказать, что центр его тяжести – всецело в нем самом. Личность проявляет свое влияние всегда, в то время как "все остальные

факторы влияют лишь косвенно и действие их может быть парализовано". Видимо, поиск смысла жизни – удел каждого человека, но у гениев он становится специальным делом жизни, особым предметом рефлексивной способности.

А. Шопенгауэр – сторонник деятельностной концепции жизни. Он полагает, что подобно тому, как наша физическая жизнь заключается в постоянном движении, так и внутренняя, духовная жизнь требует постоянного занятия чем-нибудь – мыслями или делом, так как бездействие невыносимо.

Вместе с тем, А. Шопенгауэр различает степени благородства труда. Высоко он оценивает наслаждение, которое приносит более благородный труд. Он пишет: "С этой точки зрения счастливее всех высокоодаренные люди, сознающие в себе способность создавать серьезные, великие и связанные общей мыслью труды".

Выделяя детерминационные параметры внешней и внутренней природы, Шопенгауэр рассматривает жизнь как "продукт двух факторов, а именно: ряда событий и совокупности наших решений", которые "постоянно скрещиваются между собою, меняя друг друга". Именно поэтому нам трудно "заранее предугадать наши решения, а тем паче предвидеть грядущие события; из тех и других нам известны только те, которые совершаются в данный момент".

Поэтому "все, что мы можем сделать – это принимать решения, сообразуясь с условиями данного момента, в надежде, что удастся остановиться на таком решении, которое приведет нас ближе к главной цели". Таким образом, внешние события и наши главнейшие намерения – это две силы, действующие в разных направлениях, диагональ же их – это наш жизненный путь.

А. Шопенгауэр постоянно подчеркивает суровость жизни, которая требует "железного рассудка, бронированного от судьбы и готового к борьбе с людьми. Ибо вся жизнь – борьба, каждый шаг приходится завоевывать".

У Шопенгауэра встречаем интересное толкование ценности благ, которое он связывает, прежде всего, с самодостаточностью личности, с нематериальными эквивалентами благополучия. Позже эти мотивы поиска личностного "Я" в отчужденном мире в полной мере проявятся в психоаналитической философии, в концепции самоактуализации.

Он, в частности, пишет, что при внутреннем богатстве человек не требует многого от судьбы: "то, что человек значит для самого себя, что сопровождает его даже в одиночестве и что никем не может быть подарено или отнято – очевидно, существеннее для него всего, чем он владеет, и чем он представляется другим людям".

Шопенгауэр справедливо утверждает, что для счастья при всех обстоятельствах сохраняется первое и важнейшее условие – наша личность, которая в отличие от благ и превратностей судьбы не может быть отнята у нас. Из абсолютной ценности личности следует относительная ценность всех других благ: "отсюда следует, что человек гораздо менее подвержен внешним влияниям, чем это принято думать".

Он не рекомендует строить иллюзий относительно судьбы, а постоянно апеллирует к жизненному опыту индивида, который только и дает понять, что линия счастья, как линия горизонта, всегда удаляется вновь и вновь по мере приближения к ней.

А. Шопенгауэр оставил довольно интересную интерпретацию понимания смысла жизни в разных возрастных периодах человека. Во фрагменте "О различии возрастов" он отмечает, что вполне сознательно мы живем только в юности, а в старости – лишь наполовину, так как действует закономерность: "чем старше мы становимся, тем меньше сознательного в нашей жизни: все мелькает мимо, не производя впечатления, подобно художественному произведению, которое мы видели тысячу раз; «мы делаем то, что нужно сделать, а потому даже не знаем, сделали мы это или нет».

Впечатления юности – это те ростки, которые в зрелые и старшие годы дадут основу для глубоких истин. А. Шопенгауэр считает, что первые 40 лет нашей жизни составляют текст, а дальнейшие 30 лет – комментарий к этому тексту, дающий нам понять его истинный смысл и связность, а также все детали и нравоучение, из него вытекающее. Конец жизни напоминает конец маскарада, когда все маски снимаются. Тут мы видим, каковы на самом деле те, с которыми мы приходили в соприкосновение. К этому времени "характеры обнаружались, деяния принесли свои плоды, труды оценены по достоинству и иллюзии исчезли". На все это уходит немало времени. На осмысление своей жизни человек может убедительно взглянуть

лишь по прошествии определенного периода, как правило, в зрелые годы. Шопенгауэр отмечает, что "лишь к концу жизни мы можем узнать, вполне уяснить даже самих себя, наши цели и средства, а особенно наше отношение к миру, к другим". Здесь вступает в свои права механизм самооценки и сравнения себя с другими.

Опыт жизни позволяет осуществить более адекватную оценку, которая приходит в форме переоценки: "Часто, хотя и не всегда, приходится поставить себя ниже, чем мы раньше предполагали, иногда, впрочем, и выше, что происходит оттого, что мы не имели достаточно яркого представления о низости света и ставили себе слишком высокие цели. Словом, мы узнаем, чего каждый стоит".

По убеждению Шопенгауэра, жизнь человека, кроме прочих ее условий осуществления, проходит также и под влиянием планет.

Считая, что, вопреки астрологии, судьба отдельного человека не бывает начертана на планетах, но они "указывают жизненный путь человека вообще", Шопенгауэр пришел к выводу о том, что на протяжении всего жизненного пути, каждому возрастному периоду соответствует какая-нибудь планета. Здесь существует определенная очередность. Так, в десять лет человеком управляет Меркурий. В этом возрасте, подобно этой планете, "человек быстро и свободно движется в очень небольшом круге; незначительные мелочи способны его взволновать; но учится он много и легко, под руководством бога хитрости и красноречия". С двенадцати лет устанавливается царство Венеры и тогда "юношей всецело овладевают любовь и женщины". В период наступления зрелости, а именно в тридцать лет мы находимся под влиянием Марса, когда "человек становится резким, сильным, смелым, воинственным и гордым".

Видимо, расцвет человеческой жизни Шопенгауэр (вместе с астрологическими прогнозами) определяет как сорокалетний возраст. Именно в этот период жизни человек оказывается "под действием четырех планетоид; поле жизни как бы расширяется, мы служим полезному под влиянием Цереры, имеем собственный очаг в силу влияния Весты, научились, благодаря Палладе, тому, что следовало знать и подобно Юноне в доме царит супруга".

Следующий возрастной барьер связан с возрастом в 50 лет и ознаменован светом Юпитера: "человек пережил большинство современников, и чувствует свое превосходство над новым поколением. Он еще сохранил все свои силы, богат опытом и знаниями; в зависимости от личных данных и положения своего он имеет тот или иной авторитет у окружающих. Он не хочет более повиноваться, а желает сам повелевать. Теперь он больше всего пригоден к тому, чтобы стать руководителем, правителем в той или иной сфере".

По мнению Шопенгауэра, 50 лет – "апогей человека, ибо "на шестидесятом году настает время Сатурна, является свинцовая тяжесть, медлительность и инертность". Наступает переход в старость, когда чувствуется приближение Урана. Это время, когда, "как говорят, пора идти на небо".

Представляя жизнь как оборотные действия трагизма и комизма, спроецированные на соответствующие типы характеров, Шопенгауэр отдает предпочтение борьбе за возможность "хранить достоинство трагических персонажей" перед обреченностью "проходить все детали жизни в неизбежной пошлости характеров комедии". Он полагает, что только тот человек, который прошел через трудности познания жизни, одержав, наконец, "решительную победу после долгой и горькой борьбы с собственной природой", остается на земле лишь "как существо чистого познания, как неомраченное зеркало мира. Его ничто уже не может удручать, ничто не волнует, ибо все тысячи нитей хотения, которые связывают нас с миром и в виде алчности, страха, зависти, гнева влекут нас в непрерывном страдании туда и сюда, эти нити он обрезал...".

Такой человек способен обрести блаженство жизни.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Шопенгауэр А. Афоризмы житейской мудрости. - СПб.: Азбука, 2011. – 256 с.

ТҮЙІН

А. Шопенгауэр – философия тарихында өз орны бар ұлы тұлға. Ол болашақ XX ғ. пайда болатын көп қайшылықтарды, әсіресе адам өмірі мен тағдырына байланысты көп ойларды көтеріп, болашақ ғасырда ықпалды «өмір философиясы» аталған ағымның негізін қалап кетті. Бұл мақалада А. Шопенгауэрдің адам өмірі мен өмірдің мәні жөніндегі ой-тұжырымдары қарастырылады.

RESUME

Arthur Schopenhauer – is the creator of the original will metaphysics, expresses new forms of non-classical philosophizing, in which the subject of the analysis are the life of the individual, the human fate, loneliness. This article discusses the ideas of Arthur Schopenhauer about human life and the meaning of life.

УДК 1 (574)

Т. Х. Рысқалиев, философия ғылымдарының докторы, профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТӨЛ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Аннотация

Мақалада қазіргі қазақ философиясының өзекті мәселелері қарастырылады: оның ерекшелігі, даму тарихы, өткендегі және болашақтағы бағыт-бағдары, әлемдік философиядағы алатын орны және рөлі. Автор қазақ философиясын түсінбеудің және лайықты бағаламаудың мән-жайын түсіндіреді.

Түйін сөздер: қазақ философиясы, ерекшелігі, түсінік, адам, би-шешен, ақын-жырау, ойшы.

Философия – күрделі, сан қырлы, әр алуан қызметтер атқаратын ілім, ғылым, көзқарас. Барлық халықтарға, барлық өкілдеріне бірдей болып келетін эмбебап философия болмайды. Шығыс философиясының Батыс философиясынан айтарлықтай айырмашылығы бар. Гегель және Маркс заманында, кейін де осыны арқау етіп, Батыс философиясы Шығыс философиясына немқұрайлы қарап, мән бермей келді. Гегельдің пікірінше, Шығыс философиясы балаң, әлі дамып жетілмеген, діннің, моральдың және даналықтың қосындысынан тұратын қойыртпақ дүние.

Қазір де Шығыс философиясы өзінің осы классикалық философияға ұқсамайтындығымен, адамдардың ісі мен қарым-қатынасына айрықша мән беретінімен ойшылдардың назарын өзіне аударуда. Батыс философиясы болса, кейбір көрнекті өкілдерінің пікірінше, сциентизмге, рационализмге салынып, ғылым деңгейін ұстанып, күнделікті тіршілік түйткілдерінен теріс айналып, күрделі дағдарысқа ұшырады.

Ғылым жолына түскен философия бара-бара даналықтан, түсініктен алшақтайды. Сөйтіп, өзіне өзі ұқсамай, софия – даналық болудан қалады, кез келгеннің тісі батпайтын, элитаға, таңдаулыларға арналған теориялық жүйеге айналады. Дұрысында, философия адамдарға ықпал етіп, жақсы жағына өзгерте алатындай тартымды және түсінікті болуы керек.

Философияның қарапайымдылығын, нақтылығын, жалпыға түсінікті болғанын ғылымға берілгендер философияның тайыздығы, жете дами алмағаны деп түсінеді. Әсте де олай емес. Ойдың түсінікті болғаны, қарапайымдылығы, керісінше, оның тереңдігін, жан-жақты ойластырылғанын білдіреді. Абайдың тілі түсінікті, қарапайым, ден қойған кез келген адам оның туындыларын түсіне алады. Осыған қарап, Абайды тайыз деп тануға бола ма? Жоқ. Абай – сұңғыла терең. Көпшілік өзінің тайыздығына байланысты Абайды әлі түсіне алмай келеді.

Абай көрсеткен жолмен жүріп жатқан жоқ. Абай атап көрсеткен кеселдер әлі де қазақтың алға басқан қадамын кері кетіруде.

Егерде философияны тек қана ғылым деп қарастыратын болсақ, онда көптеген Батыс және Шығыс философтары ондай философияның құрамына кірмей қалады. Бұлар: Конфуций мен Будда, Сократ пен Платон, Августин мен Монтень, Паскаль мен Кьеркегор, Достоевский мен Л. Толстой, Абай мен Шәкәрім және басқалары. Бұларсыз философияны көзге елестету мүмкін бе?!

Осы тұрғыдан бір кезде Плеханов, Бердяев, Розанов, Ленин Л.Н.Толстойды философиядан алыстатты. Кеңес заманында ресми идеологияның ықпалымен Мұхтар Әуезов Абай туындыларының философиялық сипатын жоққа шығарды. Сол сияқты кеңес заманында мектебі, жоғарғы оқу орындары болмаған көшпенді халықтарда теориялық ойлаудың үлгісі болып табылатын философия болуы мүмкін емес деп, қазақтарда философия болған жоқ деген түсінік болды. «Қазақ философиясы» деген ұғым әдебиетте қолданылмады.

Толстойды, Абайды мазалаған қандай мәселелер еді? Адамға қатысты нәрселер ғой: өзі өзін тануы, басқаларға қатынасы, ойы, көзқарасы, көңіл күйі, ынта-жігері т.т. Осы мәселелерге көңіл бөлмейтін ол қандай философия? Демек, оны қызықтыратыны сыртқы дүние, адамнан тыс дүние. Демек, бұл – ғылыми философия. Мұндай философия Толстойда, Абайда жоқ. Онда олардың философияға қатысы жоқ деген сөз. Осындай пікір орнықты.

Атақты француз ғалымы Б. Паскаль өмірінің соңына таман сүйіп айналысқан математикасынан бас тартып, дінге және философияға біржолата бет бұрды. Аз уақыттың ішінде Құдай туралы, адам туралы қашан да мәнін жоймайтын терең ойларға толы «Ой түйіндері» («Мысли») деген еңбек жазып қалдырды. Неге Паскаль математиканы, ғылымды тастап кетті екен? Бұл сұраққа өзі былай жауап береді: «Мен көп уақытымды абстракты ғылымдарды зерттеуге арнадым, бірақ соңынан оларға қызығуым басылды. Өйткені олар берген білім мені қанағаттандырмады. Кейін мен адамды зерттей бастағанымда, абстракты ғылымдардың маған көмектесе алмайтынына көзім жетті. Математикамен айналыса отырып, мен өзімнің дүниедегі орнымды түсіне алмайтын болдым» [1].

Ф. Ницше 24 жасында өзіне профессураны алып берген филологияны тастап, философияға ден қойды. И.Кант творчестволық өмірінің екінші кезеңінде жаратылыстану ғылымдарымен айналысуын қоя тұрып, философияның басты саласы ретінде адам туралы ілім-антропологияны құрды және оның негізгі мәселелерін жаңаша анықтады: 1. Мен не біле аламын? 2. Мен не істеуім керек? 3. Мен неге үміт арта аламын? 4. Адам деген не? [2] Мұндай сұрақтар ерте ме, кеш пе, қай адамның да алдында тұрады және бұл сұрақтарға, Канттың пікірінше, нақты ғылымдар жауап бере алмайды. Тумысында өте кішіпейіл адам Кант өзінің «Антропологиясын» өте жоғары бағалайды: «Адамға адам болып өмір сүруді үйрететін ілім – ол мына менің философиям», - деп жариялайды [3].

«Таза зердеге сын» деген басты шығармасында Кант ғылым бетке ұстайтын таза ақылды сынайды. Атақты орыс философы В.Соловьев дерексіз бастауларды теріске шығарады. Неліктен? Бәрінің де жауабы біреу: қай ғылым да адам мәнін ашып бере алмайды.

Сонда философия ғылымдарға еліктеп, нағыз ғылым болуға тырысып, не ұтады? Ол өзін өзі жоғалтып алмай ма? Шынында да солай болды.

Философияны ғылым жолына бағыттаған Аристотель еді. Оның ісін Батыста Фр.Бэкон, Декарт, Кант, Гегель, Маркс ойдағыдай жалғастырды. Бұлар ғылыми танымның дамуына зор үлес қосты. Бұлардың қай-қайсысы да тек қана философ болып қойған жоқ, сонымен бірге энциклопедиялық білімі бар жан-жақты ғалым болатын. Бірақ бұлар философияны өзінің төл ісінен – даналықтан – алшақтатып, сыртқы дүниеге, объектілерге бұрып жіберді.

Кант, жоғарыда айтқанымыздай, нағыз философияға – антропологияға қайтып оралды.

Гегель орасан зор философиялық жүйе құрды. Онда логика, гносеология, онтология, диалектика, методология – ғылымға керек, ғылымды құратын нәрселердің – бәрі бар. Тек бір нәрсе жетіспейді: онда нақты, тірі адам жоқ. Абстракты адам, жалпы адам, абстракты ұғымдар бар. Гегель философиясы танымды, ұғымдарды, идеяны тамаша түсіндіреді. Тек адамды, адамды қоршаған дүниені түсіндіре алмайды. Түсіндірер еді, бірақ Гегель философияны ғылым деп түсініп, оның алдына мұндай міндетті қоймайды.

Маркстік философияда да ғылыми философияға қажетті нәрселердің бәрі бар. Адам

туралы, тұлға туралы да сөз болады. Бірақ онда адам тұтастың жай бөлшегі, мемлекеттің, таптың, ұлттың өкілі ретінде, қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл да керек, бірақ жеткіліксіз. Адамды дара тұлға, өзінде керек нәрселердің бәрі бар субъект ретінде қарастыру Марксте кездеспейді.

Өздерінің философиялық жүйелерімен Гегель де, Маркс те сыртқы дүниеге, заттар дүниесіне жақын, бірақ қарапайым адамнан, сіз бен бізден қашық. Өзімізді қинайтын өмір - өлім, ізгілік – зұлымдық, сенім – күдік, жақсылық-жамандық, Құдай, дін туралы сұрақтарға біз Гегель мен Маркстен жауап ала алмаймыз. Бұл сұрақтармен біз Будда мен Конфуцийге, Диоген мен Сократқа, Монтень мен Паскальға, Достоевский мен Толстойға, Абай мен Шәкәрімге жүгінуіміз керек. Міне, ғылыми философия мен даналық философиясының арасындағы айырмашылық осыған келіп тіреледі.

Классикалық философия дегенде есімізге Декарт, Гегель, Маркс дамытқан ғылыми философия түседі. Шопенгауэр, Кьеркегор, Ницше негізін қалаған, кейін Хайдеггер, Сартр, Камю және басқалар алға апарған қазіргі классикалық емес философияның ерекшелігі - жалпыға емес, жекеге, дараға, абстракты адамға емес, өзімізге ұқсайтын, ет пен сүйектен, ақыл мен сезімнен тұратын тірі, нақты адамға баса көңіл бөлетіні. Мәдениетті, өнерді, әдебиетті, ғылым мен техниканы, заттар дүниесі мен қоғамдық қатынастарды құратын жалпы адам емес, белгілі бір қоғамда, белгілі бір уақытта өмір сүретін нақты адамдар. Нақ осы адамдарды, біздерді классикалық философия көзіне де ілмейді.

Философияның негізгі нысанасы, пайымдарының негізгі предметі – нақты адам. Ғылым да, идеология да, қоғамдық пікір де адамды объект, зат түрінде, бірдеңенің (қоғамның, мемлекеттің, таптың, партияның) құралы немесе функциясы ретінде қарастырады. Философия мұндай көзқарасты ұстана алмайды. Оның түсінігінде, Кант сөзімен айтсақ, адам ешкімге де, ештеңеге де құрал болмауы керек, бәріне де, өзіне де мақсат болуы керек.⁴

Оқырман мені дұрыс түсінсе екен: мен ғылым ретіндегі философияның күні өткен, енді ол дамымайды, сұранысқа ие болмайды деп айтудан аулақпын. Ғылым философиясы қазір қарқынды дамып келеді. Менің айтайын дегенім – философияны тегістей ғылымға апарып телуге болмайды, ғылым – философияның көп қырларының бірі ғана.

Қожа Ахмет Иасауи мен Жүсіп Баласағұннан бастау алып, ақын – жыраулар, би – шешендер тұсында өзіндік философия болып қалыптасқан қазақ философиясын біз ғылым деп тани алмаймыз. Ол – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні етіп тәмсілдерді, мақал – мәтелдерді, нақыл сөздерді өз бойына жинай білген тұнып тұрған даналық.

Қазақ философиясындағы, айталық, Абай туындыларындағы адам бейнесі жұтаң, жадағай, сынаржақты емес, қыры-сыры мол, бірде кең, бірде тар, бірде биік, бірде аласа, бірде көл, бірде шөл болып келетін жұмбақ құбылыс. Мұны Абай бір сөзбен «адамның кейбір кездері» деп сипаттайды.

Қазақ философиясы туралы сөз болғанда, ойымызға бірден би-шешендер, ақын-жыраулар, Ыбырай, Абай сияқты сөз зергерлері түседі. Қазақ ойшылдары адамға сөз арқылы ықпал етті. Солардың арқасында қазақ сөзді түсінді, сөзге тоқтады, «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, сөзді бағалады.

«Дау шешеді дана сөз» деп қазақ талай дауды сөз, уәж арқылы, қисын арқылы шешті. Классикалық философияда ой, идея, негізінде, ұғымдар, категориялар арқылы жеткізіледі. Қазақ философиясында терең ой шешендердің, билердің, ақындардың киелі сөздері арқылы мәлім болады. «Жақсы сөз – жарым ырыс», - дейді қазақ. «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деп те айтады. «Сөз қадірін кім білген» деп қапаланды қазақ ойшылдары. Бұл жөнінде Майқы би:

Естіге айтқан тура сөз
Шыңға тіккен тумен тең.
Езге айтқан тура сөз
Құмға сіңген сумен тең, - дейді.
«Қайран тіл, қайран сөз –
Наданға қадірсіз», - деп Абай замандастары үшін күйінді.

«Өнегелі ой қайдан шығады?» деген қиын да күрделі сұраққа қазақ философиясы былай деп жауап береді:

Аспанның астынан шығады.
Жердің үстінен шығады.
Өнерлінің ісінен шығады.
Ғалымның күшінен шығады.
Жақсының сөзінен шығады.
Тарихтың ізінен шығады.
Шешеннің тілінен шығады.
Әншінің үнінен шығады.
Жаманның көрген күнінен шығады.

Бұл сөздердің көркемдігін былай қойғанда, тереңдігіне, философиялық мазмұнына танданбасқа болмайды. Бәрін талдап, таратып жатпай-ақ, тек соңғы жолына назар аударайық.

Шынында да, жаманның көрген күнін Құдай басқа бермесін дейік. Қазақта «жаман» деп адамның мінін, кемтарлығын айтпайды, сөзін, ісін, түсінігін, мінез-құлқын айтады. Өзін-өзі сыйламайтын адамды ешкім де сыйламайды. Философияда «қорлық» деген ұғым бар. Адам болып туып, адам қатарына қосыла алмау – қорлық. Адам болып туып, надан болу – қорлық. Абай айтады: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» – деп. Адамның надан болуға хақы жоқ. Қазіргі Құдай беріп тұрған заманда надан болу ақылға сыймайды. Өкінішке орай, надандар арамызда толып жатыр. «Надандық» деп философияда сауатсыздықты айтпайды, істің жайын, құбылыстың мәнін білмеуді, түсінбеуді айтады. Философияда «қорлық» деп басқаның зорлығымен болған нәрсені емес, адамның өзінің бейшаралығынан, әлсіздігінен, қырсыздығынан тапқан тауқыметін айтады. Ар – намыстан жұрдай, әлсіз, қорқақ адам, дейді Гегель, түбі басыбайлы құл болады. Ал намысқой, өжет, батыл адам қожайын болады.

Абай батырып, қатты айтады:

Еріксіз түскен ылдидан
Еркіңмен шығар өр артық.
Қорлықпен өткен өмірден
Көсіліп жатар көр артық.

Басқаларға әсер етер, ой салар, есте қалар ұлағатты сөз қайдан шығады? деген сұрақ қазақ философиясында жиі кездеседі. Әрине, Батысша айтсақ, оқып білуден, танымнан туады дер едік. Сонымен бірге ойланудан, толғанудан, күйзелуден, торығудан пайда болады. Философияның пайда болуын Аристотель «таңданудан» деп түсіндіреді. Дат философы Кьеркегор болса «торығудан» (отчаяние) дейді. Бәрі орынды. Әйтеуір сөз кездейсоқ, қалай болса солай пайда болмайды. Ондай сөзде мағына да болмас еді.

Асан Қайғы тауып айтқан:

Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

Осы сөздердің өзі «таза мінсіз, асыл», өлмес, өшпес сөздер. Қазақ ойлауында зар, шер, қайғы, мұң, өкініш, опыну туралы жиі сөз болады. Сондай кезде көкірек көзі ашылып, небір таңғажайып дүниелер өмірге келеді. Махамбеттің өлеңдері, күйлері сол өкініштен туған. «Зар заман» ақындары Дулат, Шортанбай, Мұрат халықтың басына түскен қияметті, қорлықты, бодандықты ашып көрсетті. Шортанбай:

«Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман
Тарлығының белгісі.
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малға жүгінген,
Мұның өзі зар заман», – деп, халықтың шерін жырына арқау етті.

Қазақ халқында кәсіби, ғылыми философия тек XX ғасырда, кеңес дәуірінде қалыптасты. Бұған дейін де ерте кезден қазақтарда философия болған. Бірақ ол шешендік сөз, мақал-мәтел, өнер-әдебиет, өсиет түрінде көрінетін синкреттік ойлау өнері болатын. Орыс философы М.Бахтиннің бір сөзі бар: «Нағыз философтар, әрине, Германияда. Ресейде тек ойшылдар болған»-деген. Сол сияқты қазақтарда да Кант, Гегель, Маркс сияқты философтар болған жоқ. Бірақ ойшылдар болды.

Ойшылдық XX ғасырдағы ағартушыларды айтпағанның өзінде би-шешендерге (Майқы би, Аяз би, Жиренше, Төле би, Қазыбек би, Сырым, т.б) акын-жырауларға (Асан Қайғы, Ақтанберді, Шалкиіз, Бұқар жырау, Махамбет, т.б.) тән.

Асан Қайғының жоғарыдағы сөзіне орай айтайын дегенім: қазақ ойшылдарының сөздері астарлы, бейнелі, салыстырмалы, қайшы мағыналы болып келеді. Махамбет дүниені, адам өмірін «өте шыққан қызыл гүлге» теңейді. Бернияз акын өмірді «қызғалдаққа» теңейді, «қамшының сабындай қысқа», өтеді де кетеді.

Қызғалдақтай қызық өмір,
Күні келсе, солмай ма?
Еркін жүрген ерке көңіл,
Қайғы-зарға толмай ма?
Тасқан қайтып, толған солып,
Сарғайтпай ма сондайда?
Алтын жастық жалған болып,
Аһ ұрар күн болмай ма?

Бұл сөздерді ғылыми тілде диалектикалық пайымдау деп атауға болады. Классикалық философияда том-том трактаттар арқылы баяндалатын философиялық ойды қазақ ойшылдары бірер шумақ өлеңге сиғызып, бір ауыз сөзбен білдіре береді. Қазақ ойы қысқа да нұсқа болып келеді.

Шәңгерей Бөкейұлына сөз берейік:

Ағаш едің құрма өскен,
Ұршық болдың шуда өскен.
Бір қалыпта тұрмақ жоқ,
Шығармалық мұны естен.

Мұнда диалектика да, даналық та, түсінік те бар. Көптеген философиялық ұғымдар – болмыс, жалпы, өзгеріс, терістеу, қарекет – бір шумаққа сыйып кеткен.

Абайдың қай өлеңі де, қара сөздері де осындай философиялық пайымдаудың үлгісі болып табылады.

Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің
Ойлай берсең у екен.

Бірден ойымызға Фалес, Гераклит, Шопенгауэр, Ницше сияқты классиктер түседі. Тағы да Абай:

Жас қартаймақ, жоқ тұрмақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Тұнып тұрған диалектика. Тек классикалық философиядан айырмашылығы - өмірден алынған, әркімнің басынан өткен, әркімге түсінікті, таңғажайып көркем.

Шәкәрім де шындықты көркем философиялық тілде ұршықтай үйіреді:

Шаранамен туып едің,
Бөз оранып өтесің.
Бір сағымды қуып едің,
Қай уақытта жетесің?
Қанша дәулет жиып едің,
Бәрі қалды нетесің.

Мал үшін жан қиып едің,
Қайтіп алып кетесің?

Тағы да теңеу, бейнелеу. Көтеріліс жеңіліп, Исатай ағасы өліп, жалғыздық кешкен кезін Махамбет «мұнар күнге» теңейді. Кезіндегі қиын-қыстау алмағайып заманды Бұқар жырау «көк тұманға» теңейді:

Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай.

Шәкәрім дүниені, өмірді «сағымға» теңейді.
Шал ақында:

Шешен жігіт дүрмен тең,
Имансыз көңіл кірмен тең.
Ақылы жоқ надандар
Іс бітірмес жамандар
Жүз болса да бірмен тең,-

деген жолдар бар.

Көп дейміз, көпке ден қоямыз. Бірақ көп болса да, жай топ, тобыр болып, ештеңені шешпеуі мүмкін. 37 қара сөзінде Абай: «Көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал», - дейді. Қазақ ойшылдары сөзін көпке, жұртқа, халыққа арнаса да, көптің жайын түсінген, дараны, тұлғаны дәріптеген.

«Сәулең болса кеуденде» деген өлеңінде Абай:

Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл? – дейді «Единица» деп тұрғаны сол дара тұлға, өзін танып білген, өзінің борышын, міндетін, қоғамдағы орнын, рөлін түсінген есті адам. Қазіргі заман сондай тұлғаларға зәру. «Өңкей нөл» деп тұрғаны – көпшілік топ, «тобыр», «дүрмек».

Қазақ философиясында философияны құрайтын нәрселелердің бәрі бар: даналық, түсінік, диалектика, тәлім-тәрбие, қисын, жөн-жосық, аксиология. Қазақ ойшылдары «ананың мұраты не?» «Мынаның мұраты не?», «не қымбат?», «не асыл?» деп құндылықтарды тізіп тереді.

Бірақ бұлардың бәрі қазақ халқының өміріне, діліне, салтына, жағдайына сай басқаша, қазақ ойлауына жарасатын, қазақ ойлауын кәсіби философиядан бөліп тұратын тұрғыда бейнеленеді.

Философияда экзистенциалдар, экзистенциялық тақырыптар жиі ұшырасады. Батыста «экзистенциализм» деген Кьеркегордан, Шопенгауэрден, Ницшеден бастау алатын, ХХ ғасырда кең өріс алған бағыт бар. Бұл ағымның өкілдерін толғандырған нәрселер жеке адамның өміріне қатысты: көңіл күйі, қуанышы, реніші, күйініші, қайғы-зары, шері, үрейі, жалғыздығы, таңдауы, тәуекелі, т.б. Мұндай тақырыптар тек Батыс философиясында, экзистенциализмде орын алған деп ойлау ағаттық. Бұл жөнінде би-шешендер, жыраулар, Махамбет, зар заман ақындары, Абай, Шәкәрім, Мағжан жиі-жиі толғанады.

Қорқыттың қайда барса да, көрге тап болуы; «Жерұйықты» таба алмай халқының қамын ойлап қайғырған Асан Сәбитұлының Асан Қайғы атануы; Махамбеттің Жәңгір ханға, Баймағанбет сұлтанға ашынып айтқан уытты сөздері; Абайдың, Шәкәрімнің трагедиясы сол экзистенциалдық, шекаралық жағдайды сипаттайды.

Осыларды ескеріп, қазақ философиясын экзистенциалдық философия деп атауға әбден болады.

Батыстағы «герменевтика» деп аталатын философиялық бағыттың негізгі проблемасы – түсінік, басты мақсаты – діни, әдеби, философиялық мәтіндерді түсіну және түсіндіру.

Қазақ философиясында, би-шешендерде, жырауларда, Ыбырайда, жап-жас Шоқанда, Абайда дүние, өмір, адам, ізгілік-зұлымдық, шындық-жалған, ар-ұят, махаббат, обал-сауап туралы таңғаларлық терең түсінік бар.

Түсінік те – философияның бір қыры, тағы бір анықтамасы. Философия біліммен де, таныммен де айналысады. Бірақ бәрінен де гөрі түсінікке айрықша мән береді. Кейбір нәрселерді – тарихты, дінді, әдебиетті, Құдайды, адамды – танып білу жеткіліксіз, түсіну керек. Қазақтың «оқу бар, оқығанды көңілге тоқу бар» дейтіні осы түсінікті меңзеп тұрғаны.

Батыста түсінікті таныммен, ғылыммен байланыстырады, теориялық пайымдаудың салдары деп есептейді. Бұл тұрғыдан көшпенділерде, далалықтарда терең түсінік болуы мүмкін емес. Жоқ. Қазақ даналарында өмірден, тәжірибеден, қарым-қатынастан көріп білуден, оны –мұны ой елегінен өткізуден туатын дұрыс түсінік бар. Қазақ қариялары бұрында күн өткен сайын қапаланып, әр күнді елеп шығарып салады екен: «тағы бір күн өтеді-ау, ажал аяндап жетеді – ау» – деп. Бүгінгі адамдар күн өткеніне қуанады, «тезірек демалыс болса екен, тезірек жаз шықса екен» деп асығады. Қайда асығамыз? Баратын жер біреу ғой.

Қазақ мақал-мәтелдеріне, қара өлеңдеріне назар аударыңыз: даналықтың, түсініктің небір үлгілеріне тап боласыз. «Ер жігіт бір күнде бір кісілік, бір күнде мың кісілік» деген мақал бар. Бұл сөзде өте кең әрі терең мағына жатыр. Адам – жұмбақ, адам – шексіз. Оған біржақты анықтама бере алмайсың. «Жаман адам кетсе, дүние кеңіп қалғандай болады. Жақсы адам кетсе, дүние кеміп қалғандай болады». Қандай ауыр сөз. Бірақ қандай әділ сөз. Осындай сөздермен кемеңгер халқымыз жамандықтан безіндіріп, жақсылықты сезіндіріп отырған. Жақсылардың орны ешқашан да толмайды. Сондықтан олар әрдайым есімізде, қасымызда жүреді. Қазақта «шын өлік» деген сөз бар. Жаман адамның өлгені. «Тірі өлік» деген сөз бар. Жақсы адамның өлгені.

Қара өлеңдерден бәрімізге таныс бір мысал:

Дүние құдым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,
Қойдың ғой дидарыңды танытпай-ақ.

Бұдан артық қандай философия болуы мүмкін? Нағыз өмір философиясын паш етіп тұр. Айтпақшы, Батыста Өмір философиясы деген де бағыт бар. Шопенгауэр, Ницше, Бергсон дегендердің ілімі. Қазір де күшінде. Қазақ философиясын да Ғұмар Қараштың сөзімен Өмір философиясы деп анықтай аламыз. Адам адам болғасын дүниенің, өмірдің қызығына тоймайды. Бәріне де қызығады, бәрін де танып білгісі келеді. Бірақ дүние- шексіз, өмір - қайшылық.

Сөйтіп, қазақ философиясын да түсінік философиясы деп танып, әйгілі герменевтикаға жақындата аламыз.

Қазіргі қазақ философиясы адамды түсінікке баулуға баса көңіл бөлсе екен деген тілек айтамыз.

Тағы не керек философияға? Түсінікпен байланысты, түсінікті аша түсетін философиялық тәсіл – сұхбат, пікір алмасу, айтыс, диалог. Диалог тек қана Батыста, гректерде, Сократта, Платонда деп ойлап қалмаңыз. Диалогтың, сұхбаттың көкесі қазақтарда, би-шешендерде, жырауларда, Ыбырайда, Абайда. Гректердің диалогы алдын-ала әзірленіп, ойластырылып құрылады. Қазақ билерінің, шешендерінің сұхбаты алдын-ала әзірленбейді. Олар кіммен кездесетінін, не жөнінде әңгіме болатынын білмейді. Сондықтан олар өз ойларын қалыптасқан жағдайға сай табанда тауып айтады, жауапты ойдан шығарады. Қазақ шешендерінің бір ерекшелігі – суырып салып айту (импровизация).

Қазақ философиясының тағы бір қырын атап өтпесе болмайды, ол – оның тәлімгерлік қызметі. Даналыққа жүгінетін, түсінікті бетке ұстайтын, адамға бағытталған философия тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлетіні хақ. «Түзетпек едім адамды» деп Шәкірім ғана емес, қазақ даналарының бәрі айта алар еді және тәрбие ісімен бәрі де тиянақты айналысты. Құдай беріп тұрған, ғылым, білім, мәдениет жете дамыған қазіргі замандағы тәрбие Асан Қайғы, Бұқар жырау, Төле би, Ыбырай, Абай заманындағыдай пәрменді, ықпалды емес. Сол кездегі қазақ даналары есті, үлгілі, әдепті, ұятты адамдарды тәрбилей алды. Қазақтардан қандай билер, шешендер, ақындар, батырлар, көсемдер шықты! Бір Шоқанның өзі неге тұрады?! Ол кезде жастар да, үлкендер де құйма құлақ болатын. Айтылған сөзді екі айтқызбай, қағып алатын, түсінетін, бірінен біріне жеткізетін.

Мәдениеттің де, өркениеттің де басты көрінісі таңғажайып техника емес, тәрбиелі –

білікті, алғыр, іскер, инабатты – адам. Станок жасау – оңай, адам жасау, адам тәрбиелеу қиын.

Тәрбие ісі бүгінде ақсап тұр деуге болады. Адамды адам ететін үлгілер, қалыптар, құндылықтар іске қосылмай жатыр.

Қазіргі қазақ философиясына қойылатын талап – тәрбие мәселесімен шындап айналысу. Бізге жетіспей жатқаны осы.

Кейбіреулерге қазақ философиясын тым дәріптеп жіберген сияқты көрінермін. Әлі де қазақ философиясын мойындамау, немқұрайлы қарау кездесіп қалады. Мұның бір себебі – қазақ философиясына Батысша, Гегельше, классикалық философия тұрғысынан қарау. Қазіргі қазақ философиясында бұрын болмаған ғылым да, теориялық таным да бар. Кеңес дәуірінде маркстік философияға еліктеп, бұл жағына баса көңіл бөлінді. Бірақ, бұл жолмен қазақ философиясы ерекшелене алар ма екен, байырғы болмысын сақтап қала алар ма екен? Бұған күмәнім бар.

Кеңес дәуірінде бізге, қазақтарға маркстік – лениндік философия сырттан таңылды. Бірақ ол біздің салтымызға да, дінімізге де, ойлау өнерімізге де сәйкес келмеді. Осы бағытта дами берсек, біздің ұтарымыз шамалы. Осыған орай көрнекті орыс ойшылы И. В. Киреевскийдің сөзін келтіру орынды. «Бізге философия керек, – дейді ол. Оны біз қайдан аламыз? Әрине, алдымен біз философиялық ойы жете дамыған елдің тәжірибесіне жүгінеміз». Киреевский бұл арада өзі мектебін өткен классикалық неміс философиясын меңзеп отыр. «Бірақ, - дейді Киреевский, - неміс философиясы бізге философия бола алмайды. Біздің философиямыз өз өмірімізден, өз болмысымыздан өріп, дамуы керек».⁵ Өте орынды айтылған. Біз өзіміздің төл философиямызға тек тәуелсіздік алғасын оралып жатырмыз. Осы бағытта дами беруіміз керек.

Қазақ философиясын түсінбеудің, елемеудің бір себебі – онда қаралатын мәселелер тым жұпыны, қарапайым, күнделікті тіршілікке қатысты болып көрінеді. Белгілі нәрселер төңірегінде: өмір мен өлім, жан мен тән, жақсылық пен жамандық, ар-ұят, қалай және не үшін өмір сүру керек, т.б. Адамдар әдетте бұл жайттарды белгілі деп санайды да, түпкі мәніне үңіліп жатпайды. Гегель айтқандай, қай сұрақтың да түбіне үңілу керек. Қазақта сөз бар: «Түйеші тайы мен тайлағын айтады, шаштараз қайшы мен қайрағын айтады. Ал есік алдында отырған қариялар қайдағы мен жайдағыны айтады» – деген. Осы «қайдағы мен жайдағыда» терең мән бар: өмір туралы, адам туралы, бұрынғы мен бүгінгі туралы, жақсы-жаман туралы әңгіме болады. Мұның қазақ философиясына тікелей қатысы бар.

Қазақ философиясын мойындамаудың тағы бір себебі – бұл философия шешендік сөзде, мақал-мәтелде, поэзияда көбірек көрінеді. Бұларды кәсіби мамандар көркем туынды ретінде бағалайды, бірақ философияға қатысы жоқ деп есептейді. Абай ақын ғана емес, сонымен бірге – нағыз философ, дана, ойшыл.

Тағы бір мәселеге назар аудару керек болып тұр. Басқа тілдерде, тіпті бізге жақын орыс тілінің өзінде билер сөзі, шешендік сөздер, жыраулар туындылары, Махамбеттің, Абайдың, Шәкәрімнің өлеңдері түп нұсқасындағыдай көркем, мәнді, терең болып шықпай жүр. Осы кезге дейін, басқаларды қоя тұрғанда, ұлы Абайдың көңіл толтырарлық аудармасы жоқ. Орыс тіліндегі Абай мен қазақ тіліндегі Абай екі түрлі. Махамбет те солай.

Осы олқылықты біз қалай еткенде де толтыруымыз керек. Би-шешендерімізді, Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұқар жырауды, Махамбетті, Абайды, басқа да көрнекті ақындарымызды басқа тілдерде өз тіліміздегідей сөйлетуіміз керек.

Жуық арада бүкіл әлем қазақ философиясына, қазақ ойшылдарына көңіл бөліп, олардың даналығын, терең түсінігін лайықты бағалайды деп үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Паскаль Б. Мысли. Библиотека Всемирной литературы... М.,1972. – С.144
- 2 Кант И. Сочинения в 6 т. Т.3.М.,1964. – С.661
- 3 Кант И. Сочинения в 6 т. Т.2.М., 1964. – С.206
- 4 Кант И. Сочинения в 6 т. Т.4, Ч.1.М., 1965. – С.269-270
- 5 Қара: Бердяев Н.А. Самопознание: Сочинения. – М.: Изд-во ЭКСМО, 2003. – С.159

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные проблемы современной казахской философии: ее специфика, история развития, основные ориентиры в прошлом и в будущем, ее место и роль в мировой философии. Автор разъясняет некоторые недоразумения, связанные с недооценкой казахской философии.

RESUME

The article deals with problems of modern Kazakh philosophy: its specificity, the history of development, key milestones in the past and in the future, its place and role in the world of philosophy. The author explains some of the confusion associated with the underestimation of the Kazakh philosophy.

УДК 378.016:811.161.1 (574.1)

Г. А. Наурзғалиева, старший преподаватель,
О. Н. Климова, старший преподаватель,
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г.Уральск

ЛИНГВОКРАЕВЕДЕНИЕ И РАБОТА НАД РАЗВИТИЕМ УСТНОЙ РЕЧИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье речь идет о привлечении дидактического материала по краеведению на занятиях русского языка, в частности приводится материал из опыта проведения внеаудиторного мероприятия «Литературное Приуралье». Показан широкий спектр использования краеведческого материала для развития устной и письменной речи студентов.

Ключевые слова: краеведение, история родного края, лингвокраеведение, материал, дидактический материал, коммуникация, коммуникативная компетенция.

Лингвокраеведческий аспект преподавания русского языка, предполагающий изучение истории родного края в процессе овладения языком, можно квалифицировать как межуровневый аспект, пронизывающий все системные аспекты обучения русскому языку: фонетический, грамматический и особенно лексико-фразеологический, так как известно, что носителями этой информации являются не только лексические и фразеологические единицы, но и единицы других уровней языковой системы. Главная цель введения данного аспекта – обеспечение коммуникативной компетенции в рамках межкультурной коммуникации, что предполагает: основные фоновые знания типичного образованного представителя изучаемой лингвокультурной общности, а также умения использовать фоновые знания для достижения взаимопонимания в ситуациях опосредованного и непосредственного межкультурного общения; знание лексических единиц с национально-культурным компонентом значения и умение адекватно их применять в ситуациях межкультурной коммуникации.

Из опыта работы мы убедились, что при обучении второму языку очень важно научить полно, логично и выразительно передавать в устной речи и на письме свои впечатления, мысли. Очень хорошим средством для этого служит материал по истории родного края, который дает возможность решать и задачи воспитательного характера.

Помогает в этом и действующая учебно-рабочая программа, в которой есть темы «Республика Казахстан», «Мой родной край». Учитывая, что большинство студентов-первокурсников из других областей, краеведческий материал для них интересен и занимателен. В учебной программе предусмотрено посещение историко-краеведческого музея, итогом которого является составление отзыва. Перед студентами ставятся цели: узнать об истории возникновения западного края Казахстана, вехи его становления, узнать об известных людях Приуралья. С использованием материала экскурсии проводится следующее занятие с закреплением грамматических тем: предложно-падежные сочетания, использование предлогов и обстоятельственных конструкций со значением места и времени, составляются словосочетания, предложения, речевые конструкции по микротемам. Ведется также обширная словарная работа. Здесь и широкий спектр для повторения пройденного грамматического материала. Например, определить типы связи слов в словосочетаниях, лексические упражнения по подбору антонимов, синонимов, работа с фразеологизмами и др. Вот часть составленного

студентами отзыва:

Это было необычное занятие. Всей группой мы пришли в историко-краеведческий музей. Вошли в чистый светлый зал. Нас приветливо встретила девушка-экскурсовод. Она начала свой рассказ с тех давних времен, когда эту территорию стали заселять наши предки, и закончила сегодняшним днем. Рассказ экскурсовода был очень интересный, все слушали, затаив дыхание. Потом мы смотрели экспонаты: копьё разной величины с железными наконечниками и металлическую кольчугу неизвестного батыра, найденные во время раскопок в земляной насыпи. Узнали много нового и об известных земляках, и о том, как пришлось трудно и на передовой, и в тылу нашим дедом и прадедам в суровые годы Великой Отечественной войны...

